

ОҢТУСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ САПА САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

ОҚМПУ сапа саясатын жүзеге асыруға бағытталған стратегиялық мақсаты– жаңа форматтағы білім беру және ғылым хабына айналу.

Стратегиялық мақсатты жүзеге асыру бағыттары:

- ЖОО автономиясы жағдайында білім беру саясатын басқару механизмдері мен сапа менеджменті жүйесін жетілдіру;
- бәсекеге қабілетті бакалаврларды, магистрлерді және PhD философия докторларын даярлау бойынша білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту мақсатына жету үшін адами және өзге де ресурстарды үйлестіру;
- халықаралық білім беру бағдарламаларын құру, білім беру қызметтерін экспорттау, оқытушылар мен білім алушылардың академиялық ұтқырлығын арттыру, шетелдік білім алушылар мен шетелдік оқытушылардың үлесін арттыру арқылы ЖОО-ны интернационалдандыру;
- Web of Science Core Collection (Clarivate Analytics) және Scopus деректер базасына кіретін журналдардағы мақалалар санын арттыру арқылы университет ОПК-ның жариялау белсенділік рейтингісін арттыру;
- Web of Science Core Collection (Clarivate Analytics) және Scopus дерекқорларында индекстелетін халықаралық журналдарда жарияланған университет ОПК ғылыми мақалаларынан дәйексөз алу деңгейінің оң динамикасын қамтамасыз ету;
- ЖОО қызметкерлері мен білім алушылардың мәртебесін арттыру мақсатында қызметкерлер мен білім алушылардың ынталандырудың тиімді жүйесін құру және жұмыс пен оқу жағдайларын үздіксіз жақсарту;
- QS (QS World University Rankings) әлем университеттерінің рейтингісіне кіру);
- Қазақстандық және жаһандық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, өз тарихын, тілін, мәдениетін білетін, шет тілдерін меңгерген, озық және жаһандық көзқарасы бар тұлғаны тәрбиелеу;
- Инфрақұрылымды дамыту, заманауи оқу жабдықтары мен зертханаларды сатып алу арқылы университеттің материалдық-техникалық базасын нығайту.

Жоғары оқу орны басшылығы мынадай жауапкершілікті өзіне алады:

- саясатты барлық мүдделі тараптарға жеткізу және оның маңызын түсіндіреді;
- саясат пен мақсаттың маңыздылығы мен өзектілігіне жүйелі талдау жүргізеді;
- сапа менеджменті жүйесін жақсартады, нәтижені жоғарылатып ресурстармен қамтамасыз етеді.

Ректор м.а.



Г.Д.Сугирбаева